

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің V отырысында сөйлеген сөзінен үзінді:

## БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІНДЕ НАҚТЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУЫМЫЗ КЕРЕК

Барлық азаматтарға бірдей мүмкіндік беру – тұтас қоғам дамуының кепілі. Бұл ұстаным, әсіресе, білім саласы үшін өте маңызды.

Шын мәнінде, білім беру мәселелері әрқайсымызды толғандырады. Соңғы жылдары біз білім беру жүйесін дамытудың басты бағыттарын, жолдары мен негізгі көрсеткіштерін айқындадық. Енді, нақты шешімдер қабылдауымыз керек.

Жалпы, білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияның рөлі айрықша. Бұл, әсіресе, індет кезінде анық байқалды.

Мобильді операторлардың «Білім» тарифі карантин уақытында қашықтан оқытуға кеңінен жол ашты. Соның арқасында Қазақстанның 600 білім беру ресурсын шектеусіз пайдалануға мүмкіндік туды. Бұл қадам оқушылардың арасындағы цифрлық теңсіздікті азайтуға айтарлықтай ықпал етті.

Қашықтан білім беруді дамытудың осы әдісін тоқтатпай, жалғастыра беру қажет деп санаймын.

Сондай-ақ, интернет тарифтері аясында отандық білім беру ресурстарын мектептерге тегін ұсыну керек. Үкіметке бұл шешімдерді жан-жақты пысықтауды тапсырамын.

Тағы бір маңызды міндет – педагогика және медицина кадрларын даярлау. Қазірдің өзінде көптеген өңірлерде осы сала мамандарының тапшылығы ерекше байқалып отыр.

Бұл – өте күрделі мәселе, оны жедел шешуіміз керек. Мемлекет осы ахуалды түзету үшін нақты шараларды қолға алды.

Мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысын көбейтіп, әлеуметтік мәртебесін арттырып жатырмыз. Бұған дейін біз педагогикалық жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің стипендиясын көтеру туралы шешім қабылдадық. Бұл қадам өз жемісін берді.

Сондықтан медициналық оқу орындарындағы стипендияны көбейту қажет.

[www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫТУШЫ ХАНЫМДАР, ҚЫЗМЕТКЕР АЗАМАТШАЛАР ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫ ҚЫЗДАР ҚАУЫМЫ!

Сіздерді көрікті көктемнің шұғылалы мерекесі – 8 наурыз әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Биыл еліміз ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын кең көлемде атап өтеді.

Уақыт безбеніне көз жүгірте отырып, Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қоғамның даму барысын өмірде нәзік, көңілде биік, ал істе мығым әйелдер қауымынсыз көзге елестету мүмкін емес» деген сөзінің айна-қатесіз екеніне көз жеткіземіз.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әйелдер қауымы – әрдайым отбасының ұйытқысы, береке-бірліктің шырақшысы. Әр адамның өміріндегі қуанышты әрі жарқын сәттердің көп болуына сіздер мол үлес қосып келесіздер.

Еселі еңбегімен және ерен ерлігімен танылған әйелдердің есімдері тарих жылнамасына мәңгілікке жазылып, жадымызда жатталады» деп мемлекет дамуындағы әйел-аналардың алатын орнын атап көрсетті.

Шындығында, «Бір қолымен – бесік, екінші қолымен әлемді тербеткен» аяулы арулар барлық салада күш салып, ел игілігі жолында аянбай тер төгіп келеді.

Олардың қатарында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің нәзік жанды қыз-келіншектері де бар.

Алдағы 90 жылдық торқалы тойына қызу дайындық бастап кеткен білім ордасында қазіргі сәтте 2830 әйел азамат жұмыс істейді.

Бұл ұжымның жартысынан астамы, оның 69 пайызы ғылым докторлары мен кандидаттары екенін мақтанышпен айтуға болады.

Әрқайсысы ғылымның барлық бағыттары бойынша ізденістер жасап, жемісті зерттеулер жүргізуде.

Ал білім алушылардың 64 пайызын студент қыздар құрайды.



«Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі» дегендей, олардың да ертең өмірден өз орнын тауып, аяулы жар, үлгілі келін атанарына бек сенемін.

**Құрметті аналар, студент қыздар!**

Көңілге шуақ, жүрекке қуаныш сыйлаған Халықаралық мерекелеріңіз құтты болсын!

Дендеріңізге саулық беріп, жақындарыңыз қуанышқа, жұмыстарыңыз табысқа бөлесін!

Қазіргідей қиын сәтте Сіздерге мол қажыр-қайрат, отбасыларыңызға береке-бірлік, Отанымызға өсіп-өркендеу тілеймін!

**Жансейіт Қансейітұлы ТҮЙМЕБАЕВ,**  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма төрағасы –  
ректоры

**АКАДЕМИК ӨМІРБЕК  
ЖОЛДАСБЕКОВТІҢ  
ТУҒАНЫНА - 90 ЖЫЛ**



3-бет

**ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА  
ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ**



5-бет

**ЕЛ ҚОРҒАҒАН  
АРУЛАР**



11-бет

# УНИВЕРСИТЕТ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түлектер қауымдастығының президенті, заң ғылымдарының докторы, профессор Қайрат Әбдіразақұлы Мәми және Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Қорының Атқарушы Директорының орынбасары Игорь Иванович Рогов университетке ат басын бұрып, ректор Жансейіт Түймебаевпен ҚазҰУ-дың Түлектер күнін ұйымдастыру және өткізуге қатысты мәселелерді талқылады.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектерінің ортақ мейрамы – Түлектер күнінің дайындығын талқылай отырып, Қайрат Мәми «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне қосқан үлесі» атты жинақ шығаруды ұсынды. Бұл идеяны ҚазҰУ ректоры Ж. Түймебаев және Түлектер қауымдастығы президиумының мүшесі, з.ғ.д.,

профессор Игорь Рогов қолдады. Кездесу соңында атақты ҚазҰУ түлектері университетке Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы қоры шығарған «Қазіргі заманғы қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуы» кітабын сыйға тартты.

**Өз тілшімізден**

**В КазНУ им. аль-Фараби прошла онлайн церемония подписания меморандума о сотрудничестве между КазНУ имени аль-Фараби и Швейцарской школой прикладных наук (Swiss-Sasem) экономики и управления, определившего перспективы развития дудипломного образования.**

## ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ДВУДИПЛОМНОГО ОБРАЗОВАНИЯ



двойного диплома MBA и DBA совместно с престижным КазНУ имени аль-Фараби, одним из ведущих университетов Казахстана, Центральной Азии и мира, который возглавляет уважаемый ректор, профессор Жансеит Түймебаев. Наша миссия состоит в том, чтобы дать людям возможность стать по-настоящему успешными, максимально используя все возможные ресурсы и вызовы XXI века. Я считаю, что образование – это единственный позитивный способ влияния на общество», – сказал Доминик Джордан.

Во время переговоров стороны подчеркнули, что подписанный меморандум открывает широкие возможности для профессионального роста и развития специалистов-практиков и руководителей, работа-

ющих в различных сферах и отраслях деятельности.

Следует отметить, что открытая на базе Высшей школы экономики и бизнеса КазНУ Бизнес школа Аль-Фараби осуществляет образовательные программы MBA и DBA и является основным университетским провайдером услуг в этом направлении. Все программы школы нацелены на подготовку и повышение квалификации управленческих кадров. За два года бизнес-школа заключила меморандумы о взаимопонимании со многими зарубежными университетами и выпустила 36 магистров MBA и 33 магистра MBA в здравоохранении.

**Соб. корр.**

■ QYSQA-NUSQA

«Kiberpedagogika robbotarga emes, sizge qatysty!» degen ataýmen Belgiyaný bilim keñesi uymdastyrgan algashqy sheberlik synby bastaldy. QazUÝ atalghan eldegi «Kiberpedagog» halyqaralyq bilim berý qozgalysynyn seriktesine ainaldy.

Sheberlik synpytyñ negizgi maqsaty onlain-oqyty ortasynda jumys jasatyn oqytyshylardyñ kásibi quziretiliklerin keñeytý men inovatsialyq ádisterdi qoldana otyryp, bilim sapasynyn tiimdiligin arttyry bolyp tabylady. Jeti aptaǵa sozylatyn sheberlik synbynda stýdentterdi qashyqtan oqyty formatyna tartý men yntasyn arttyry, stýdenttermen jelilik ortada senimdi qarym-qatynas ornaty, tikelei efirde sabaq berý máseleleri qaralaty bolady.

Belgia bilim berý keñesiniñ direktory Aksana Pozdnakova óz sózinde atalghan synypta kez-kelgen akademalyq pándi onlain formatta igerýge know-how-dy qoldany arqyly úrenýge kepildik berýge bolatyndyǵyn atap ótti.

Interaktivti rejimde ótetin sharada barlyq qatysyshylar bir-birimen bailyas ornаты, pedagogikalq úderistiñ negizgi elementterin kompúterlendirý, kiberpedagogikadaǵy san qyrlý ádister jaily ózara pikir almasatyn bolady.

\*\*\*

Álemdegi úzdik joǵary oqy oryndary qatarynan laiyqly orn alýǵa baǵytalghan saiasat sheñberinde ál-Farabi atyndaǵy Qazaq ultlyq ýniversiteti men Iran Islam Respyblikasynyn Allame Tabatabai ýniversiteti arasynda jasalghan memorandym aiasynda Shygystany fakultetiniñ Taaý Shygys jáne Oñtústik Azia kafedrasynan irandyq ýniversitet stýdentterine arnalghan «Ortalyq Azia tarihy: tili men mádenieti. Aimaqtany» atty taqyrypta qysqy mektep kýrsy uymdastyryldy.

Qysqy mektep kýrsy ústimizdegi jylǵa josparlanyp qazir onlain formatynda júzege asyrylyda.

Kýrstyn maqsaty – Ortalyq Azia halyqtarynyñ tarihy, tili men mádenieti, onyn ishinde ultlyq qundylyqtarymyz jaiynda sheteldik stýdentterge tanymdyq aqparat berý. Ótken jyly qazaq tiliniñ bastapqy deñgein meñgergen irandyq stýdentterdiñ tilimizdi úrenýge yntasy artyp, Qazaqstannyñ tarihy men mádenietine qyzyǵyshylyq tanytyp otyr. Qysqy mektep kýrsyna qatysyshy irandyq stýdentter osy baǵytta bilimderin tereñдете jetildirý maqsatynda aldagy ýaqytta Qazaqstanǵa, ál-Farabi atyndaǵy ultlyq ýniversitetke arnaly kelýge múddeli ekenin aitty.

\*\*\*

Ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ Habarshy serialary Web of Science platformasyndaǵy «Reseilik ǵylymi dáieksózdler indeksine» engizildi jáne qazir Web of Science bazasy ýniversitetiñ 7 jýrnalyn indeksteidi. Bul Qazaqstan ýniversitetteri men ǵylymi-zertteý institúttary arasyndaǵy eñ joǵary kórsetkish bolyp tabylady.

Ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ-niñ úsh ǵylymi jýrnaly, atap aitqanda «Himia», «Fizika» jáne «Matematika, mehanika jáne informatika» habarshy serialary Web of Science málimetter bazasynyn indeksteý tizimine qosyldy.

Bul ýaqytqa deyin osy málimetter bazasynda «International Journal of Mathematics and Physics», «International Journal of Biology and Chemistry», sonдай-aq ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ-men birlesip shyǵarylatyn «Eurasian Chemico-Technological Journal» jáne «QR UǵA Habarshysy. Fizika jáne matematika seriasy» jýrnaldary bolghan.

# ҚАЗҰУ ӨМІРБЕК ЖОЛДАСБЕКОВТІҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫН АТАП ӨТТІ



**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚазКСР ҒА және ҚР ҰҒА академигі, көрнекті механик-ғалым, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Өмірбек Жолдасбековтің 90 жылдық мерейтойына орай мерекелік іс-шаралар ұйымдастырды.**

Мемлекет және қоғам қайраткерінің туған күні жылдағы дәстүр бойынша ҚазҰУ қалашығында орналасқан ғалымның ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етуден басталды. Салтанатты рәсімге университет ұжымы, ғалымның туыстары, шәкірттері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, арнайы шақырылған қонақтар қатысты.

Жиынды ашқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма төрағасы – ректор Жансейіт Түймебаев:

– Бүгінде ҚазҰУ – бұл халықаралық білім беру кеңістігінде лайықты орнын алған, жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингінде 165-орынды иеленетін заманауи жоғары технологиялық ғылыми-білім беру ордасы. Өмірбек Арысланұлының кезінде әрбір қызметкерге жағдай жасалып, оқу залдарын қажетті жабдықтармен қамтамасыз ете отырып, шет елдерден үздік мамандарды шақыруы, сондай-ақ оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін жетілдіруге үлкен көңіл бөлуі біз үшін таптырмас үлгі.

Алдыңғы буынның бастамаларын жалғастырып, ғалымдарымыздың еңбегін дүние жүзіне танытуға күш салайық, – деп атап өтті.

Келесі кезекте сөз алған химия ғылымдарының докторы, ҰҒА академигі Зұлхаир Мансұров академик Өмірбек Жолдасбеков атқарған игі істерге тоқталды.

– Мен университетке оқуға келгенде ректор Асқар Закарин еді. ҚазМУ қалашығы орналасқан жерді сол кісі белгілеп, жобасын бекітіп кетті. Ал жүзеге асырған Өмірбек Жолдасбеков болды. Ол кісі әр жұмыс күнін

осы қалашықтың құрылысынан бастайтын. Сол кезде 28 нысан бой көтерді. Осыдан 20 жыл бұрын ғылыми кеңесте ҚазҰУ қалашығында орналасқан Студенттер сарайын Өмірбек Жолдасбековтің атына беру туралы ұсыныс жасалып, бірауыздан мақұлданды. Ал 10 жыл бұрын ректор Бақытжан Жұмағұлов академиктің ескерткішіне конкурс жариялады. Бірнеше эскиздердің ішінен қазіргі нұсқа таңдап алынып, ескерткіш Студенттер сарайының алдына қойылды, – деп Зұлхаир Мансұров өткенді еске алды.

Ө.А. Жолдасбеков 90 жылдық мерейтойына байланысты өткізіліп жатқан шаралардың бірі – математика және механика бойынша зерттеу жобаларының халықаралық байқауы. Байқау он жылдан бері дәстүрлі түрде Білім және ғылым және «Дарын» ғылыми-зерттеу орталығымен бірлесіп өткізіледі. Биыл Германия, Франция, Түркия, Индонезия сияқты мемлекеттерден 200-ге жуық студент қатысуда.

Бұдан бөлек, ҚазҰУ қатысуымен «Ғылым» ордасында 1-5 наурыз аралығына жоспарланған «Болашақ механикасы» атты ІІ халықаралық Жолдасбеков симпозиумы онлайн режимде өз жұмысын бастады.

Симпозиумның жалпы отырысына ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Әлихан Смайылов, ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Ресей халықаралық инженерлік академиясының президенті Борис Гусев, Ұлттық ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Бақытжан Жұмағұлов және тағы басқалар қатысты. Бағдарлама барысында АҚШ, Ресей, Франция, Жапония, Түркия, Иран, Ирак, Польша сияқты 15 елдің ғалымдарының атсалысуымен 120-дан астам ғылыми баяндама жасалады.

ҚР ҰҒА-ның президенті Мұрат Жұрынов өз сөзінде Өмірбек Арысланұлының машиналар мен механизмдердің теориясына негізделген зерттеулерді дамытуға

қосқан үлесі туралы баяндап, ғылымдағы рөліне тоқталды.

«Өмірбек Арысланұлы М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін өмір жолын тек қана ғылым-біліммен байланыстырды. Ол 1962 жылы 31 жасында ғылым кандидаты, 1973 жылы 42 жасында ғылым докторы, сол жылы профессор атағын алды. Ғалым еңбегі шарықтаған 1970-1986 жылдар аралығында ҚазҰУ қалашығының негізін қалады. Әлемге жоғарғы класты машина жасау мен механизмдерінің теориясын жасаған үлкен ғалым ретінде танылды. Білім мен ғылымды ұштастырып, ғылым жетістігін тәжірибеге енгізуде көп еңбек сіңірді. Мен 1959 жылы Қазақ технологиялық институтында жоғары математикадан ол кісінің дәрісін тыңдаған бақытты шәкіртімін. Ғалымның дәрісін тыңдаған шәкірттері бүгінде елімізге танымал қоғам қайраткерлері», – деді ҚР ҰҒА-ның президенті Мұрат Жұрынов.

Мерейтойлық шаралар түс ауа ҚазҰУ қабырғасында онлайн-конференциямен жалғасып, жиналғандар ғалым туралы естеліктерімен бөлісіп, ғылымдағы еңбектерімен бірге әріптестік, достық, адами қасиеттерін еске алды.

ҚР инженерлік академияның бірінші вице-президенті, академик, КСРО құрметті мұнайшысы Надир Надиров «Өмірбек Жолдасбеков қоғамға қызмет ету мен өз кәсібін адал берілудің нағыз үлгісін көрсетті» деп атап өтті.

Орыс филологиясы және әлемдік әдебиет кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Баян Өмірбекқызы Жолдасбекова мерейтойлық шараларды ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді.

Соңынан жиналғандар «Қазақфильм» киностудиясы ілгеріректе түсірген «Дядюшка Джо» деректі фильмін қызыға тамашалады.

Өз тілшімізден

## СТУДЕНТТЕРГЕ АКАДЕМИК АТЫНДАҒЫ ШӘКІРТАҚЫ БЕРІЛДІ

**Техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚазКСР ҒА және ҚР ҰҒА академигі, көрнекті механик-ғалым, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан ғылымы мен жоғары білім саласындағы ірі ұйымдастырушы Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің 90 жылдығына байланысты ұйымдастырылған мерейтойлық шаралар барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттеріне Ө.А. Жолдасбеков атындағы шәкіртақы тапсырылды.**

Ө.А. Жолдасбеков 90 жылдық мерейтойына байланысты өткізіліп жатқан шаралардың бірі – математика және механика бойынша зерттеу жобаларының халықаралық байқауы. Байқау он жылдан бері дәстүрлі түрде ҚР Білім және ғылым министрлігі және «Дарын» ғылыми-зерттеу орталығымен бірлесіп өткізіледі. Биыл Германия, Франция, Түркия, Индонезия сияқты мемлекеттерден 200-ге жуық студент қатысуда. Байқау жүлдесінен үміткерлердің ішінде ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің докторанттары мен студенттері де бар.

Университет тарапынан алғыр, дарынды студенттерді ынталандыру жұмыстары үнемі жүргізіледі. Республика бойынша жоғары орындар арасында робототехникадан өткізілетін «ROBOCON 2021» чемпионатында ҚазҰУ атынан өз бақтарын сынайтын механика кафедрасының «MECHANICS» командасына қолдау көрсету мақсатында 800 000 теңге көлемінде Ө.А. Жолдасбеков атындағы стипендия тағайындалған. Бұл шәкіртақыға – «механика» мамандығы бойынша 3 курс докторанты Б.О. Аманов, «механика» мамандығы бойынша 2 курс докторанты Н.М. Нұроллаев, «механика» мамандығы бойынша 2 курс докторанты Е. М. Жолдасов, «робототехникалық жүйе» мамандығы бойынша 1 курс докторанты Б.М. Сағитжанов, «механика» (робототехникалық жүйе) мамандығы бойынша 3 курс бакалавры М.Т. Смамқожаев, «механика» (робототехникалық жүйе) мамандығы бойынша 3 курс бакалавры Н. Ерболат, «механика» (робототехникалық жүйе) мамандығы бойынша 3 курс бакалавры Б.А. Убайдуллаев және «механика» мамандығы бойынша 4 курстың бакалавры З.Н. Әзіл ие болды.

Өз тілшімізден



**1 марта 2021 года исполнилось 90 лет со дня рождения ученого с мировым именем, видного государственного, общественного и политического деятеля, крупного организатора науки и высшего образования Республики Казахстан Умирбека Арслановича Джолдасбекова.**



## ВЕЛИКИЙ СЫН СВОЕГО НАРОДА

История развития КазНУ им. аль-Фараби тесно связана с именем этого выдающегося человека. Умирбек Арсланович в течение 16 лет руководил нашим университетом. Под его руководством был заложен и построен уникальный университетский комплекс КазГУград – гордость высшей школы Казахстана. Зарождение университетского кампуса и первые его корпуса – результат огромного организаторского таланта У.А. Джолдасбекова, поэтому именно КазНУ открывает юбилейные мероприятия, которые будут проводиться в течение всего года.

Имя Умирбека Арслановича Джолдасбекова – академика, доктора технических наук, профессора, лауреата Государственной премии КазССР, заслуженного деятеля науки КазССР – вписано золотыми буквами в историю Казахстана. Сегодня во всех отраслях республики и за рубежом трудятся выпускники нашего университета, которым он открыл дорогу в большую жизнь.

В 1970 г. 39-летний Умирбек Арсланович Джолдасбеков возглавил единственный на то время университет в Казахстане. Деловой подход, энергия, взгляды нового руководителя были поистине революционными для того времени. Республика очень нуждалась в новых квалифицированных кадрах. И он приложил все свои силы для решения этого непростого вопроса: изменил структуру учебных планов, поставил во главу угла логические схемы, благодаря которым стали реальными межпредметные связи общетеоретических и специальных дисциплин.

Надо отметить, что благодаря дальновидной политике молодого ректора, стали открываться новые специальности, кафедры и факультеты (философско-экономический, подготовительный, востоковедения, ТММ и др.). Например, ректор поддержал инициативу академика И.О. Байтулина, и в том же году на биофаке открылись кафедры биофизики, микробиологии и охраны природы, начавшие готовить востребованных специалистов. После своего назначения У.А. Джолдасбеков создал научно-исследовательскую лабораторию по механике машин, через год – Казахский филиал Всесоюзного семинара по теории машин и механизмов, в 1973 г. основал кафедру прикладной механики на факультете механики и прикладной математики.

Когда Умирбек Арсланович пришел в КазГУ, в вузе было всего 30 профессоров, а через 16 лет – стало 135. Результаты столь деятельного подхода ректора не заставили себя ждать: Казахский государственный университет встал вровень с МГУ, ЛГУ, КГУ, признанными первыми университетами необъятной тогда страны и стал гордо держать звание флагмана высшего образования республики. КазГУ стал местом, где проводились всевозможные и всемирные симпозиумы, конференции, для участия в которых стали приезжать известные ученые – корифеи мировой науки.

Понимая перспективы главного вуза Казахстана, Умирбек Арсланович активно включился в претворение в жизнь идеи строительства университетского городка. Под личным контролем Первого секретаря Компартии Казахстана Динмухамеда Ахметовича Кунаева в 1975 году началась грандиозная стройка. На территории более чем 90 гектаров раскинулся уникальный комплекс учебных зданий, общежитий, лабораторий, утопающий в зелени, получивший название КазГУград. В 2011 г. напротив Дворца студентов, который также носит имя Джолдасбекова, был открыт его памятник. Сегодня, воплощенный в граните, Умирбек Арсланович Джолдасбеков с гордостью смотрит на свое детище. Большой зал механико-математического факультета также носит имя выдающегося ученого-механика.

автором первых учебников на казахском языке по теории механизмов и машин, терминологических словарей.

Умирбек Арсланович был награжден Международными золотыми медалями В.Г. Шухова и аль-Хорезми, орденом Ленина, двумя орденами Трудового Красного Знамени, многими медалями, грамотами, дипломами.

Огромное внимание Умирбек Арсланович уделял развитию спорта в университете. Именно в бытность Джолдасбекова в университете появились спортсмены – чемпионы Союза, Европы, Мира и даже Олимпийских игр, а мастеров спорта было больше, чем в других вузах. Это достижение и сейчас КазНУ удерживает на вершине Олимпа.

В 90-е годы он создает Инженерную академию Республики Казахстан, единогласно избирается ее первым президентом, проводит I съезд инженеров Казахстана.

Академик У.А. Джолдасбеков внес весомый вклад и в развитие казахстанского парламентаризма. Он шесть раз избирался депутатом Верховного совета страны, парламента и был председателем Комитета по социально-культурному развитию Мажилиса республики, а также возглавил созданную им Республиканскую партию труда. Стал инициатором Закона «О науке» и парламентских слушаний. Пользовался высоким и заслуженным авторитетом у руководства республики и всего депутатского корпуса.

Сегодня КазНУ им. аль-Фараби – крупнейший университет на постсоветском пространстве, входит в топ-200 лучших вузов мира и в число 50 технологически развитых университетов. У нас реализуются программы подготовки высококвалифицированных специалистов для приоритетных отраслей индустрии в рамках госпрограммы индустриально-инновационного развития (ГПИИР), ведутся научные исследования по фундаментальным и прикладным направлениям в сотнях различных областей. Думаю, это достойное продолжение начатых академиком Умирбеком Джолдасбековым важных реформ и заложенных им традиций.

Дальновидность Умирбека Арслановича подтверждается мировыми тенденциями: инженеры многих стран объединяются в профессиональные общества, чтобы высоко держать планку инженерного образования.

### ДОСТОЙНОЕ ПРОДОЛЖЕНИЕ

На сегодняшний день продолжателем пути У.А. Джолдасбекова стало Казахское

общество инженерного образования (KazSEE), которое является членом ряда крупных специализированных международных сетей: Международного консорциума обществ инженерного образования IFEES, Европейской Федерации Национальных инженерных сообществ FEANI, Международного общества инженерной педагогики IGIP, Международной сети по обеспечению качества INQAAHE, Европейской сети по аккредитации в области инженерного образования ENAEE.

Казахстанское общество инженерного образования (KazSEE) вовлечено в подготовку и реализацию программ повышения квалификации ППС инженерных специальностей. На базе нашего университета был создан и сертифицирован Казахстанский тренинговый центр IGIP, осуществляющий подготовку преподавателей по программам, соответствующим международным требованиям к квалификации инженера. Специалисты, получившие звание «Международный преподаватель инженерного вуза» могут претендовать на включение их в специальный реестр, что позволит им в дальнейшем быть конкурентоспособными в странах Евросоюза. Таким образом, на базе Казахстанского общества создана интегрированная в Европейский союз система обеспечения качества с современной инфраструктурой.

Продолжая дело воспитания талантливой молодежи, ежегодно на базе КазНУ им. аль-Фараби совместно с РНПЦ «Дарын» проводится Международный конкурс исследовательских работ по механике и математике имени У. Джолдасбекова среди школьников. В этом году открытие конкурса приурочено к юбилею академика У. Джолдасбекова.

В день юбилея академика коллектив университета, приглашенные гости отдадут дань уважения Умирбеку Арслановичу Джолдасбекову. Он внес неоценимый вклад в развитие нашего ВУЗа, заложил краеугольный камень в развитие казахстанской науки и образования. Посвятил всю свою яркую жизнь в процветание нашей Родины!

Умирбек Арсланович Джолдасбеков – великий сын своего великого народа!

**Жансеит ТУЙМЕБАЕВ,**  
председатель правления – ректор  
КазНУ им. аль-Фараби

### ТВОРЧЕСКИЙ ПОДХОД

Его биография началась 1 марта 1931 г. в селе Кызыл-су ныне Южно-Казахстанской

**ҚазҰУ жас ғалымдарының білім ордасының дамуындағы рөлі, олардың шығармашылық жобалары мен бастамаларын қолдау және ғылыми идеяларын талқылау мақсатында «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ Басқарма төрағасы – ректор Жансейіт Түймебаев жас ғалымдармен және жас ғылымдар кеңесінің мүшелерімен арнайы кездесті.**

# ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ



Әңгіме барысында оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев соңғы жылдары ғылым саласы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының біріне айналғанын атап өтті. Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ғылымды қажетсінетін экономика құру мақсатын алға қойғанын, бұл тапсырманы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жалғастырып отырғанын жеткізді. Президент Жолдауына сәйкес, ғылым мен білімді экономиканың жекелеген салалары ретінде қалыптастыру қажеттігін алға тартты.

«Құрылғанына 90 жылға таяп қалған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстанның жоғары білімі мен ғылымының флагманы, жоғары білікті кадрлар мен ғылыми жаңалықтардың ортасына айналды. Осы тұрғыда қазіргі әлемде университеттің рөлі мен үлесін білім беру функциясы ғана емес, сонымен қатар ғылыми-инновациялық бағыты қоса анықтайды.

Әлемнің көптеген жоғары дамыған озық елдеріндегі университеттің жетістіктері мен инновациялық экономиканың даму көрсеткіштері «үштік спираль» моделін пайдалана отырып, өндіріс орталықтарындағы патенттер мен коммерциаланған технологияларды енгізу болып табылады. Осылайша, мемлекет қоғамға тиімді жағдайлар жасауға бағытталған ғылыми зерттеулерге, университеттерге инвестиция салудан пайда көре алады» деді өз сөзінде ректор.

Бүгінгі таңда жоғары білім мен іргелі ғылымның қара шаңырағында 40 жасқа дейінгі 311 жас ғалым жұмыс істейді. Олардың көпшілігі әлемнің жетекші университеттері мен орталықтарында тағылымдамадан өткен. Жас зерттеушілердің ғылыми жетістіктері Қазақстанда және одан тыс жерлерде жоғары бағаланып келеді.

«Бүгінгі жас ғалымдар, еліміздің ертеңі сіздер ҚазҰУ-дың ғылыми мектептерінің даңқы мен дәстүрлерін жалғаушысыздар, араларыңызда болашақта жаңа ғылыми бағыттардың иегерлері бар. Сіздер ҚазҰУ мен Қазақстан кадрлық резервінің негізсіздер, сондықтан ерқайсыларыңыз қарым-қабілеттеріңізді көрсетіп, университет пен еліміздің дамуына үлес қосатындарыңызға сенемін», - деді Ж.Түймебаев.

Келесі кезекте білім ордасының жас ғалымдары мен университеттегі жас ғалымдар кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салып, ұсыныс тілектерімен бөлісті.

Шара соңында басқарма төрағасы – ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев кездесуге қатысушыларды алдағы уақытта да өзара пікір алмасуға, жас ғалымдарды қолдаудың қосымша шаралары мен тетіктерін бірлесіп әзірлеуге шақырып, ҚазҰУ ғылымы мен инновациясын одан әрі дамыту үшін идеялар мен ұсыныстар дайындауды тапсырды.

**Аида ҚЫСТАУБАЕВА,**  
Биотехнология кафедрасының меңгерушісі:

– Пандемия кезінде біздің ғалымдар COVID-19 вирустық ауруын емдеу және оның алдын-алу үшін 3 препарат ұсынған болатын. Осы тұста биология және биотехнология факультетінің ғалымдары Микотрих препараты, Рисо-Лакт, Спирулина Лайф, стевия негізіндегі диабетпен ауыратын науқастарға арналған дәрі-дәрмек шығару және басқа да емделушілерге арналған препараттарды өндіретін орталықтар ашу туралы ұсынысым бар. Жақында әлеуметтік желілерден университетімізде коммерциаландыру орталығы құрылатыны туралы естідім. Біздің білім ордамыз Акционерлік қоғам болып ауысып жатқан тұста, бұл өте уақтылы жасалған және қажет қадам деп есептеймін.

**Мұхит МҰРАТОВ,**  
ҚазҰУ-дағы ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертханасының директоры:

– Бүгінде ҚазҰУ-дағы ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертханасының

жетекші табу қиынға соғады. Сондықтан, жас ғалымдардың атынан докторанттарға шетелдік тәжірибеге де қандай да бір материалдық қолдау ескерілсе деген ұсынысым бар.

Екінші мәселе, өз басым инновацияларды басқару мамандығы бойынша білім алдым. Менің диссертациялық тақырыбым ғылыми-зерттеу жұмыстарын коммерциаландыруға байланысты болды. Сол кезде университеттегі ғылыми бөлімдер, зертхана, лабораториялардағы керемет ғылыми-зерттеу нәтижелеріне куә болдым. Сол зерттеулермен айналысатын ғалымдарға «неге бұл дүниелерді нарыққа шығарып сатпайсыздар? Сатсаңыздар мол қаржы табуға болады ғой» деген сауал қойғанда әртүрлі жауап берді. Осыған қатысты ғылыммен айналысып өнім шығарып жатқан өнертабушылармен біздің факультеттегі инновациялық менеджмент мамандығының тәлімгерлерін біріктірсек және бұл оқу жоспарына қосылса нағыз нәтиже болады деген үміттемін. Сондай-ақ ғалымдар ғылымда өзіне қызықты тақырыпты зерттей беруді ғана емес, дайын болған ғылыми зерттеме «қайда сатылады? Оның тұтынушысы кім? Нендей пайда әкеледі?» дегенді де ойлауы қажет. Егер мүмкіндік болса, экономика факультеті техникалық мамандықтардың ғалымдарына арнайы бір курсты әзірлеп өткізсек, осыған біздің факультет белсенді түрде араласса дегім келеді.

**Ерболат ҮСЕНОВ,**  
Физика-техникалық факультетінің постдокторанты:

– Мен осы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түлегімін. Елімізде алғаш рет ашылған постдокторантура бағдарламасына бойынша ҚазҰУ-ға оқуға түсіп, қазір ғылыми жұмысымды әрі қарай жалғастырудамын. Постдокторантура бағдарламасының басты ерекшелігі мен талаптарының бірі (ғылыми басылымдардан басқа), кіші ғылыми топ құрып, докторанттар мен магистранттар дайындауға мүмкіндік береді. Одан бөлек постдокторантура бағдарламасы ғылыми жұмысқа толықтай уақыт бөлуге және шет елдерге ғылыми сапарларға шығуға да барынша жағдай жасағаны үшін университетіме ерекше алғыс білдіремін. Осы жылы постдокторантура бағдарламасының алғашқы буыны аяқталады. Жаңадан өсіп келе жатқан жас докторанттардың өз ғылыми жұмыстарын университетімізде ары қарай жалғастыру үшін постдокторантура бағдарламасының ары қарай жалғасын табуға назар аударсаңыздар екен. Одан кейінгі әлемдік университеттерде «зерттеуші – доцент», «зерттеуші – профессор» секілді лауазымдар бар. Бұл мәселені соңғы уақыттарда біздің университетімізде де көтеріп жатқанын білеміз. Осыған байланысты факультеттерімізде ғылыммен белсенді айналысатын ұстаздар үшін осындай лауазымдарды енгізу қолға алынып, қолдау көрсетілсе дейміз.

**Думан ЖЕКЕНОВ,**  
Халықаралық қатынастар факультетінің оқу әдістемелік және тәрбие жөніндегі декан орынбасары, PhD докторы:

– 2011 жылы ҚазҰУ-дың докторантурасында оқып жүргенде Қытайдың Пекин қаласында QS көрсеткіші бойынша, әлемде үздік 15 университетке кіретін Бейжің университетінен іс-тәжірибеден өттім. Сол жоғары оқу орнында жүрген кезде бір үлкен тәжірибе қатты әсер етті. Ол жердің идеологиясында университет сендердің – аналарың. Сендер оның сүтін емдіңдер, өскенде міндетті түрде аналарыңа

қарыздарыңды қайтарасыңдар деп тәрбиелейді екен. Маған жалаң лозунг сияқты көрінген. Елге оралған соң Қазақстандағы Қытай кәсіпкерлер Одағының президентімен таныстым. Пекин университетінің түлегі екен, тапқан табысының 10 пайызын ешқандай үгіт-насихатсыз өзі білім алған университетіне аударып отыратынын білдім. Олар ақылы оқыса да, «анама қарызымды қайтаруға тиіспін» деп есептейді.

Егер біз де түлектерге осындай дәстүрмен тәрбиелей алатын болсақ, жас ғалымдарға берілетін жалақыны көбейтуге де жол табуға болар еді. Біз де аз қамтылған, әлеуметтік жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім, денсаулығы кемшін студенттер бар. Осы идея қолға алынып, үлкен аға-әпкелері кейінгі іні-қарындастарына инвестиция салып, көмектесер еді.

**Ғалия ЫСҚАҚОВА,**  
Тарих, археология және этнология факультеті, Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы, PhD докторы:

– Қазіргі таңда оқу үдерісі, жалпы оқытушыға деген талап өзгерді. Бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеуіміз керек. Ол үшін білім алушыларға ғана емес, оқытушыларға да лайықты жағдай жасалуы қажет. Мысалы, ең қарапайым болып көрінсе де, біздің факультеттегі материалдық жабдықтау оқу процесін үзбей асыруға әлсіз. Әлемдік стандарттарға сай емес. Жаңа пәндерді оқыту жүйесі бар, бірақ біз көп жағдайда теория түрінде өткіземіз. Өйткені арнайы шеберлік зертханалар жоқ. Шет мемлекеттерде кез-келген оқу процесін ұйымдастыру үшін арнайы техникалармен қажетті деңгейде жабдықталған. Біздің факультеттерде қарапайым проектор жоқ. Мектептердің өзі баяғыда LED экрандарға көшіп кетті.

Одан да жоғары техниканы Назарбаев мектептерінен көруге болады. Гуманитарлық салаларда зерттеулер жүргізу үшін бағдарламалар сатып алу керек, бірақ оған қаржы жеткіліксіз.

Біз офлайннан онлайнға ауысқан кезде, тағы да бір мәселеге кездестік. Зерттеуші және оқытушы ретінде ағылшын тіліндегі дисциплиналарды жүргізе отырып, тұрақты ағылшын тілді базаларға кіруге мүмкіндігіміз болмады. Белгілі бір уақытта қолданытын базалар бар, алайда шетелдік оқу орындары сияқты әлемдік базалардағы ақпараттар қол жетімді болса дейміз.

Өз тілшімізден

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің отырысында университет ғалымдары 2021-2022 оқу жылының оқу процесін ұйымдастыру, университет қызметін цифрландыру, оқу ғимараттары мен студенттер үйлерін жаңа оқу жылына дайындау, кафедралар жұмысын жолға қою және басқа университет аясындағы өзекті мәселелерді талқылады.**

## ҚАЗҰУ-ДА ТҮРКОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ АШЫЛАДЫ



жүктемені 650 сағатқа дейін ұзартуға болады. Бүгінде ҚазҰУ оқытушыларының педагогикалық жүктемесі 400 сағат. Бұл мәселені сағат саны мен білім сапасын салыстырып, оқытушылар мен ғалымдардың пікірін ескере отырып, түбегейлі талқылау ұсынылды. Асқар Хикметов мектеп түлектерін оқуға қабылдау барысында кейбір факультеттерде студенттердің балдары өзгеретінін де хабардар етті. Мәселен, филология факультетінде оқуға қабылдау баллы 100-ден 80-ге дейін төмендетілме.

Кеңесте Ақпараттық технологиялар және инновациялық даму институтының директоры Е.Қыстаубаев университеттің цифрландыру қызметі туралы есеп берді. Ол ҚазҰУ жүйесінде пандемияға дейін пайдаланылған «Univer 2.0» БЖИ жаңару оқу процесіндегі LMS жүйелері және ҚБТ платформалары, ақпараттық жүйелер кешені туралы баяндама жасады. Алайда бұл мәселенің олқы тұстары баршылық болып шықты. Оқытушылардың сауалдарына қанағаттанарлық нақ-

ты жауап болмағандықтан, ректор институт директорына барлық факультеттерді аралап, ондағы оргтехниканың, интернет байланыстың бүгінгі күндегі нақты ахуалын тексеріп шығуға тапсырма берді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша Халықаралық түркі академиясы бұдан он жыл бұрын Астанада құрылған. Қазақстан – түркі мемлекеттерінің орталығы болып табылады. Сондықтан ҚазҰУ қабырғасында түркі елдерінің мәдениетін, тілі мен әдебиетін зерттейтін кафедра ашу туралы ректор тапсырмасы бірауыздан қолдау тапты.

ҚазҰУ КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректор Жансейіт Түймебаев ғылыми кеңесте тыңдалған әрбір баяндамамен арнайы комиссия жете танысып, ондағы аталған күрделі мәселелерді шешуге қатысты нәтижелі ұсыныстар беруді тапсырды.

«Бүгін біз барлық күшті университетімізді ғылым және білім берудің жаңа деңгейіне көтеріп, алдыңғы қатардағы зерттеу орталығына айналдыруға бағыттауымыз керек. Алдағы уақытты оқытушылар мен студенттердің халықаралық ынтымақтастығын, академиялық қарым-қатынастарын белсенді түрде кеңейте түсеміз. Студенттеріміз сапалы білім алып, еліміздің дамуына өз үлестерін қосатындай бәсекеге қабілетті болуы тиіс», деді білім ордасының басшысы.

Ғылыми кеңес соңында Жансейіт Түймебаев университет ұжымындағы әйелдер қауымын Халықаралық 8 наурыз мерекесімен құттықтап, сый-сияпат жасады.

Өз тілшімізден

**По итогам предметного рейтинга «QS World University Ranking by Subject 2021» КазНУ им. аль-Фараби улучшил свои показатели и усилил позиции, в котором были проранжированы более 1200 университетов мира по пяти предметным областям. По сравнению с прошлым годом КазНУ значительно улучшил свои показатели в предметной области «Искусство и гуманитарные науки» поднявшись с 277 на 156 место, «Социальные науки и менеджмент» с 351 на 257 место.**

Отличные показатели продемонстрировал вуз по специальности «Современное языкознание» КазНУ, заняв 52-е место среди лучших вузов мира. А также по специальностям: «Английский язык и литература» вошел в топ 101-150, «Лингвистика» и «Юриспруденция» – 151-200, «Экономика и эконометрика» – 251-300, «Математика» – 301-350 и «Физика и астрономия» – 501-550.

В данный рейтинг впервые вошли специальности «История» – в топ 151-200, «Бизнес и менеджмент» – 401-450, «Компьютерные науки и информационные системы» – 501-550, «Химия» – 551-600.

Методология рейтинга QS World University Ranking by Subject строится на основе четырех ключевых показателей: академическая репутация, репутация

среди работодателей, цитируемость научных статей и индекс Хирша. Рейтинг составлен с учетом мнения более 95 тыс. академических экспертов, 45 тыс. экспертов работодателей, а также на основе данных из базы «Scopus».


















Образовательные программы КазНУ им. аль-Фараби по всем этим

специальностям в национальных рейтингах занимают лидирующие позиции среди казахстанских вузов. Трансформируясь в исследовательский университет мирового уровня, КазНУ успешно продвигается как в глобальных, так и в предметных рейтингах мировых университетов. Так, в 2020 году по

результатам глобального рейтинга QS ведущий казахстанский университет занял 165-е место в списке лучших вузов мира. Из стран СНГ в эту группу вошли только МГУ им. Ломоносова и КазНУ им. аль-Фараби.

Соб. корр.

## ВЫСОКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ КАЗНУ

QS TOP UNIVERSITIES	РЕЙТИНГИ	ОБНАРУЖИТЬ	СОБЫТИЯ	ПОДГОТОВИТЬ	ПОДАТЬ ЗАЯВЛЕНИЕ	КАРЬЕРА	СООБЩЕСТВО
 <b>King Abdulaziz university</b> Your Door to the Future Jeddah, Saudi Arabia kau.edu.sa							
154		Нанкинский университет Нанкин, Китай (материк)	70,9				
154		Калифорнийский университет в Санта-Барбаре... Санта-Барбара, США	70,9				
156		Казахский национальный университет имени аль-... Алматы, Казахстан	70,8				
157		Universität Hamburg Гамбург, Германия	70,7				
 <b>King Abdulaziz university</b> Your Door to the Future Jeddah, Saudi Arabia kau.edu.sa							
157		Университет Аризоны Тусон, США	70,7				

**Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің куратор-эдвайзерлері «Ұлы адамдар өлкесі» атты дөңгелек үстел өткізді**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қазақ әдебиетінің классик ақынының 175 жылдығына арналған «Жамбыл Жабаев мұрасының қазіргі әдебиеттанудағы орны мен маңызы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн-конференция өтті. Жиын барысында ақын шығармашылығының аспектілері әлемдік әдебиет контекстінде қарастырылды.**

## ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ МҰРАСЫ



Жазушы Мұхтар Мағауин: «Ұлы адамдар көп, ал Жамбыл бір, ол қайталанбас тұлға», – деп жазған. Оның өлеңдері мен жырлары және шығармалары бүкіл әлемге таралып, әлемнің 160 тіліне аударылған. Әрқашан халықпен бірге болған ақынның феномені – оның

шындыққа негізделген шығармалары жанға қуат береді. Ақын өзі туралы, «Жамбыл менің жәй атым, халық менің шын атым», – деп айтқан болатын. Ол әйгілі қырғыз ақыны Құлмамбетті айтыс-аламанында жеңгеннен кейін қазақ және қырғыз халықтарының бас ақыны болып

атанды», – деп атап өтті өз сөзінде Нағашыбек Қапалбекұлы.

Шараға ҚазҰУ КЕАҚ Басқарма төрағасы – ректор Жансейіт Түймебаев, ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара Дадебаев, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Гуманитарлық Ғылымдар Академиясының академигі, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты Темірхан Тебегенов және басқа да белгілі ғылым және мәдениет қайраткерлері қатысты. Аралас офлайн-онлайн форматында өткен мәжіліске алыс және жақын шетел ғалымдары: Түркия, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан және отандық әдебиеттанушылар, зерттеушілер, ғылыми қызметкерлер, ЖОО мен мектеп оқытушылары, студенттер, магистранттар, докторанттар және БАҚ өкілдері қатысты.

Жиын «Жамбыл Жабаев шығармаларының әлемдік әдебиеттермен үндестігі», «Жамбылтану және филологиялық пәндерді оқытудың инновациялық әдістемесі», «Жас ғалымдарды зерттеудегі жамбылтанудың бүгінгі мен болашағы» атты үш секцияда жұмысын жалғастырды.

Быыл Жамбыл Жабаевтың 20 томдық шығармалар жинағын шығару, кинофильм түсіру, бірқатар спектакльдер қою және ақынның шығармашылығына арналған көптеген мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізу жоспарлануда.

Өз тілшімізден



**ҚазҰУ-да сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) ресертификаттау аудиті сәтті өтті. Аудиттің мақсаты – университет СМЖ-нің ISO 9001:2015 халықаралық стандарттары талаптарына сәйкестігін тексеруге бағытталған. Ресертификаттау аудитін «Русский Регистр» сертифициттау қауымдастығының аудиторлары жүргізді.**

## ҚАЗҰУ ӨНЕРТАПҚЫШТАРЫНЫҢ ЖАҢА ЖОБАСЫ – НОУ-ХАУ



және деректерді серверге жіберетін шағын құрылғы. Бұл құрылғы адамның орналасқан жерін де анықтайды. Оның салмағы 150 грамм, батареямен жұмыс істейді және оны желі арқылы қуаттауға болады.

Магистранттардың алдын ала есептеулері бойынша құрылғының өзіндік құны отыз мың теңгеден асады. Компьютерлік ғылымдар зертханасының меңгерушісі Еділ Нұрахов аспаптың жұмыс принципін былай түсіндірді: «Біз әзірлеген модульдер түрлі датчиктердің көмегімен ауа алуды жүзеге асырады және деректерді GSM/GPRS таратқыш

арқылы серверге жібереді. Сервер деректерді құрылымдалған дерекқор ретінде сақтайды. Олар картадағы қаланың экологиялық көрінісін білуге, ластану динамикасын анықтауға және әртүрлі факторларды ескере отырып, одан әрі өзгерістер туралы болжам жасауға мүмкіндік беретін математикалық модельдермен өңделеді».

ҚазҰУ-дың жас ғалымдары Алматыда ластану деңгейі өте жоғары кезеңде жаңа өнертабыстың қажеттілігі де өзекті екендігін атап өтті. Қала тұрғындары мен бизнес өкілдері тарапынан бұл құрылғы өз тұтынушысын табады. Қала

тұрғындары портативті құрылғының көмегімен қаланың ғимараттарындағы, аулаларындағы немесе аудандарындағы экологиялық жағдайды анықтай алады, ал кәсіпкерлер эко-өнімдердің тізімін жасау үшін бизнестің бағыттарын таңдай алады.

Жаңа құрылғыны жасаушылар «Smatr Siti» тұжырымдамасы аясында жаңа құрылғыны қолдана отырып, қаланың экологиясын сақтаудың тиімді құралын жасауға болатындығын атап өтті.

Өз тілшімізден

**КазНУ совместно с Департаментом Агентства РК по противодействию коррупции по городу Алматы провели в онлайн-формате студенческую квест-игру**





**В 2021 г. в Казахстане отметят 100-летний юбилей Салыка Зимановича Зиманова. Он – поистине явление в казахстанской науке и по праву считается одним из основателей юридического образования и науки в республике. Писать о Зиманове непросто, потому что им внес колоссальный вклад в науку Казахстана, и вся его жизнь была посвящена служению Родине.**

Как писал сам Салык Зиманов, он родился в семье крестьянина Зимана Джарылгасинова 19 февраля 1921 года в Гурьеве, работал учителем математики, служил рядовым в рабоче-крестьянской Красной Армии, а в 1944-1945 годах был командиром дивизиона, заместителем командира минометного полка по строевой части, командиром артополка. Демобилизованный в июне 1946 года в звании полковника, он четырежды был ранен. Военные подвиги по заслугам были отмечены правительственными наградами: орденами Отечественной войны I степени (дважды), Красной Звезды, медалью «За оборону Кавказа», медалью «За взятие Кенигсберга» и еще семью боевыми медалями.

С сентября 1941 года он воевал на разных фронтах – Южном Закавказском, Северо-Кавказском, Степном, Воронежском, 2-м Украинском, 2-м Белорусском, в северной группировке войск. С боевыми товарищами форсировал реки Буг, Днепр, Одер, с декабря 1943 года до конца войны служил в 8-м механизированном корпусе, в 5-й танковой армии, в начале командиром дивизиона, потом заместителем командира 615-го минометного полка по строевой части, а последние месяцы войны – заместителем командира по артиллерии 66-й механизированной бригады. Закончил войну в Германии на реке Эльбе.

После демобилизации Салык Зиманов поступил в Казанский филиал Всесоюзного юридического заочного института, а затем перевелся в его Алма-Атинский филиал.

по подготовке проекта Конституционного закона «О государственной независимости Республики Казахстан», членом комиссии по подготовке проекта новой Конституции.

Помимо фронтовых наград С. Зиманов награжден орденами «Отан» (2010 г.), «Парасат» (2001 г.), Дружбы народов. Он – заслуженный деятель науки Казахстана (1971 г.), лауреат Президентской премии мира и духовного согласия (1993 г.), лауреат Государственной премии Республики Казахстан (2001 г.), академик автор более 300 науч-ных статей, 17 монографий – из них 12 написаны им лично, а другие – в соавторстве.

Его научные труды и выступления на международных и республиканских научных конференциях принесли ему признание и за рубежом. Он являлся членом редакционных коллегий крупнейших юридических изданий. Многие нынешние академики и профессора из Центральной Азии благодарны С. Зиманову за участие в их научном становлении.

Зиманов создал школу: 36 кандидатов юридических наук, в том числе более 10 - из бывших союзных республик и 16 докторов наук. Он был официальным оппонентом по 37 докторским и кандидатским диссертациям. Эта школа разрешала и продолжает разрешать проблемы широкого научного диапазона.

Качества настоящего ученого в совокупности с высокими моральными принципами и поступками являются главными предпосылками в его весьма успешной научно-организационной деятельности. В общении с учениками он был прост, демократичен и принципиален, но давал возможность максимально проявлять свою инициативу, самим справляться с трудностями.

